

Шығыс Қазақстан облысы
білім басқармасы Тарбағатай
ауданы бойынша білім
бөлімінің «Балауса-Балғын»
бөбекжайы» КМКК



**2021-2022 оқу жылындағы психологиялық
қызмет жұмысына педагог-психологтың
жылдық жазбаша есебі.**

Педагог-психолог: Шомбинова С.Б.

Ақжар ауылды, 2022 жыл

2021-2022 оқу жылындағы психологиялық қызмет жұмысына жылдық есеп беру.

Мен Шомбина С.Б. педагог-психолог лауазымында 2020 жылдың тамыз айынан қызмет атқарамын. Жалпы педагогикалық еңбек өтілім - 10 жыл, штаттық бірлік-1. Апталық жүктеме-36 сағат.

2021-2022 оқу жылына арналған психологиялық қызмет жұмысының мақсаты: Балабақшада оқыту мен тәрбиелеуде балалардың психологиялық даму үрдістеріне жағдай жасау.

Міндеттері:

1. Балалардың физикалық және психикалық деңсаулығын қорғау және нығайту, дамуын қамтамасыз етуде психологиялық тұрғыдан сүйемелдеу;
2. Балаларды толық және жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жағымды мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;
3. Балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау;
4. Балалардың таным үрдістерін әртүрлі психологиялық ойын-жаттығулар арқылы дамыту;
5. Балаларды мектепке оқуға мақсатты түрде дайындау;
6. Педагогтар мен ата-аналардың арасында психологиялық сауаттылықты насиҳаттау;

Тәрбиеленушілермен жұмыс.

Ерте жас топтарындағы балалардың бейімделуін бақылау. Балалардың балабақшаға бейімделу деңгейін анықтауда бақылау күнделікті жүргізіліп, бейімделу парагы толтырылды. Бейімделу барысында тәрбиешілерге ұсыныстар берілді, жеке кеңестер өткізілді. Ата-аналарға кеңес беру кестесі бойынша балалардың балабақшаға бейімделу ерекшеліктері жайында ақпарат, ұсыныстар берілді. Ата- аналармен жеке кеңестендіру жұмысы жүргізілді. Жыл көлемінде топтарға жаңадан келген балаларға бақылау жасалып, қажетті көмек көрсетілді.

Шаттық шеңбері. Мақсаты: балалардың таңертенгілік көніл күйлерін көтеру, тілдерін дамыту, жақсы тілек, жақсы сөздер айта білуге даярланаудыру. Барлық топтарда апталық жоспар бойынша жүргізіліп отырды.



«Қарлығаш» тобы



«Ақкөгершін» тобы



«Бұлдршін» тобы

2021-2022 оку жылындағы ортаңғы және ересектер, МД топтарында жүргізілген психодиагностикалық зерттеу нәтижесінің қорытындысы.

Мақсаты: балалардың психологиялық үрдістерінің даму деңгейін анықтау. Қатысқан балалар саны - 114.

Есте сактау үрдісінің даму деңгейін анықтауда «Суреттерді есіне сақта» әдістемесі қолданылды. Мақсаты: бейнелі есте сактау ерекшеліктерін анықтау. **Жоғары деңгейде** ортаңғы топтарда – 69%, ересектер тобы – 77%, МД тобы -74%, **орташа деңгей** – ортаңғы топтарда - 27% , ересектер тобында-19%, МД тобы -23%, **орташадан төмен** ортаңғы топтарда – 4 % , ересектер тобында-4%, МД тобы -3%.



Зейін үрдісінің даму деңгейін анықтауда «Айырмашылығын тап» әдістемесі өткізілді. Мақсаты: заттарды салыстыру тәсілдерін менгеру деңгейін анықтау. **Жоғары деңгейде** ортаңғы топтарда – 53,5%, ересектер тобы – 64,5%, МД тобы -68%, **орташа деңгей** – ортаңғы топтарда - 53% , ересектер тобында-28,5%, МД тобы -24%, **орташадан төмен** ортаңғы топтарда – 7,5% , ересектер тобында-7%, МД тобы -8%.



Қабылдау үрдісінің даму деңгейін анықтауда «Суретте қандай заттар жасырынған» әдістемесі жүргізілді. Мақсаты: пішін бойынша суреттердің бірізді қабылдануын анықтау. Жоғары деңгейде МД тобы - 60 %, орташа - - 28 %, орташадан төмен – 2%. **Жайлаухан Айсұлтан** диагнозы ЗПР



Ойлау үрдісінің даму деңгейін анықтауда «Не неден кейін болады немесе атқарылады» әдістемесі, мақсаты: жағдайлардың бірізділігін орната білу біліктілігі деңгейін анықтау; «Жалпы бір сөзben ата» әдістемесі, мақсаты: заттар арасында қарапайым байланыс орната білу біліктілігін анықтау, «Қисынсыз» әдістемесі, мақсаты: қоршаган орта туралы қарапайым образды ұғымның даму деңгейін, олардың арасындағы логикалық байланысты анықтау; «Жыл мезгілдері» әдістемесі, мақсаты: қарапайым образды ұғымдардың даму деңгейін анықтау.

Жоғары деңгейде ортаңғы топтарда – **57,5%**, ересектер тобы – **78%**, МД тобы -**84%**, **орташа** деңгей – ортаңғы топтарда - **40%** , ересектер тобында-**18%**, МД тобы -**15%**, **орташадан төмен** ортаңғы топтарда – **5%** , ересектер тобында-**4%**, МД тобы -**1%**.




Киял үрдісінің даму деңгейін анықтауда «Сурет» әдістемесі өткізілді. Мақсаты: шығармашылық потенциалды, киял үрдісінің дамуын анықтау. **Жоғары** деңгейде МД тобы - **64%**, **орташа** - **35%** төмен – **1%**.



Корытынды жасай келе, «Жұлдызша», «Бұлдіршін» топтарындағы балалардың психологиялық үрдістерінің даму деңгейі көрсеткіштері бойынша зейін және ес үрдістерінің дамуы даму деңгейінің көрсеткіштерінен төмен екендігі анықталды. Себебі «Жұлдызша» тобында ерекше білімді қажет ететін балалар саны көп болғандықтан даму деңгейлері төмен. Ал «Бұлдіршін» тобында ерекше білімді қажет ететін Ж.А. деген бала диагнозы ПДТ (ЗПР) ол топтың оқу тәрбе жұмысына өте көп кедергілер әкеледі.

Балаларды үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша бастапқы даму мониторинг нәтижелері бойынша төмен деңгей көрсеткен балалармен жеке түзету жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде қортынды мониторингте дағдылардың қалыптасуының төмен деңгей көрсеткіші болмады. Топтар бойынша жеке даму карталары толтырылды. Қортынды жоғары деңгей көрсеткіші төмендегідей:



«Карлыгаш» МД, тобы мен «Ақкөгершін» ересектер тобынан Керн-Ирасек тесті, Өмірде жоқ жануар, Үй-адам-ағаш, Менің отбасым проекттік тесттері алынып, диагностика жасалды. Тәртібінде қындығы бар балалармен, дарынды балалармен, өте белсенді (гиперактив) балаларға жеке диагностикалық карталар жасалып, коррекциялық іс-шаралар еткізілді.



Балалармен жеке түзету жұмыстары: Биылғы оқу жылында жұмысымыздың басым бөлігі ерекше білім беруді қажет ететін (бұдан былай ЕБҚ) балалармен жүргізілді. Жеке түзету-дамыту жұмыстарының мақсаты: Сөйлеу бұзылыстары бар балалардың тілдерін дамыту, танымдық қабілеттерін, дүниетанымын кенектізу. Оқу жылының басында ПМПК

қортындысы бойынша 21 бала анықталды. Жыл көлемінде балалармен жеке түзету дамыту жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, ұсақ қол моторикалырын дамыту, тыныс алу жаттығулары, құм терапиясы, арт терапиясы, су-джок терапиясы, ертегі терапиясы саусақ жаттығулары, дидактикалық ойындар, артикуляциялық жаттығулар, сенсорлы ойындар қолданылды.

Жеке балалармен түзету-дамыту

Жұмыстары



Түзету дамыту жолдары: Дидактикалық ойындар, құм терапиясы, арт-терапиясы, пластилинография, тыныс алу жаттығулары, сенсорлы ойындар.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау мақсатында психология-логопедия апталығы өтті. Апталыққа ерекше білім беруді қажет ететін балалармен бірге түйік, гипербелсендібалалар қатысты. Апталықта ЕБҚ балалармен оқыту технологиялары, педагогтармен семинар-тренинг, тәрбиешінің көмекшілерімен тренинг, ата-аналармен бірлескен жұмыстар көрсетілді. (жалғасында апталық кортындысы)

“Бала тілі-бал”

атты психология-логопедия апталығы

14-18 ақпан 2022 йыл

Мақсаты:

- Ерекше білім беру қамшеттің бар балаларды оқытуым, манипулативым, бірлеңітім, технологияларына нақылдату.
- Ерекше білім беру қамшеттің бар балаларды нан-жакты дамыту, психологиялық-педагогикалық, субъемдеру. Тарбиешілер мен ата-аналардың психологиялық, логопедиялық қызындығын арттыру.

Ата-ана-бала- база база маминастистик нағайты.

“Уздік саусақ жаттығулар” салыныс

Арт-терапия. Тарбиеш Ариханова Ж.Т.

Семинар-тренинг. Педагогтармен Логопед. Кахаева И.К.

Тренинг тарбиешінің көмекшілерімен. Психолог Шомбикова С.Б.

Ертегі терапиясы. Тарбиеш Амирбекова А.

Сенсорлы ойындар. Тарбиеш Байсаптанова А.К.

Құм терапиясы. Тарбиеш Жумабулова А.О.

Топтық түзету-дамыту жұмыстары. Мақсаты: Балалардың таным үрдістерін, білім, білік, дағдыларын ойын арқылы түзете отырып дамыту. Жыл көлемінде топтық түзету жұмыстары кіші топтан бастап аптасына 1 рет арнайы бекітілген кесте бойынша жүргізілді.



Аудандық конференция. «Балабақшадағы психологиялық қызмет деңгейі» тақырыбында педагог-психологтарға арналған аудандық конференциясында ерекше білім беруді қажет ететін балалармен «Ойын алаңына саяхат» атты жеке жұмыс өткізіп, аудан көлемінде балабақша психологтарымен іс тәжірибемді бөлісіп, үздік жұмыс көрсеткені үшін марапатталдым.



Жыл көлемінде логопед Кажаева И.К.-мен тығыз байланыс жасап, бірлескен жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда психология-логопедия апталығы, ата-аналармен тренингтер және де айна бір рет ЕБҚ балалармен топтық жұмыстар.



1 мамыр Алғыс айту күніне орай өткізілген жиында ортаңғы, ересектер, МД тобы бүлдіршіндері балабақша ұжымына, мамандарға өз алғыстарын білдіріп, тақпактарын айттып, әннен шашу шашты.



«Күлкі жанның шипасы» демекші 1 сәуір күлкі күніне орай музыка жетекшісімен бірігіп балалармен «Біз көнілді балдырған» атты ойын-сауық өткізілді. Мақсаты: Балаларға «1 сәуір – күлкі күнін» тойлай отырып көтеріңкі көңіл – күй сыйлау. Ойын шарттарын түсініп ойнауға дағдыландыру. Ептілікке, шапшаңдыққа, мейірімділікке, адамгершілікке, достыққа тәрбиелеу. Ойын сауыққа Күлегеш пен Сайқымазақ қонаққа келіп, балалардың керемет көңіл күй сыйлады. Ойын сауыққа «Бұлдіршін», «Ақкөгершін» ересектер, «Қарлығаш» МД топтары қатысты.



Тренингтер. «Қарлығаш» МД тобымен “Біз мектепке барамыз” тақырыбында тренинг өтті. Мақсаты: Балалардың “мектеп”, “мұғалім”, “оқушы” туралы білімдерін кеңейту. Балабақша деңгейінде алған білімдерін арттыру. Топпен бірігіп жұмыс жасауға, өз ойын ашық айтуға, достыққа тәрбиелеу. Мектепке, білімге деген қызығушылықтарын оятып, сүйіспеншілігін арттыру.





Мамандармен жұмыс. Тәрбиешілерге балалардың балабақшага бейімделуі, балалардың жас ерекшеліктеріне сипаттама, гипербелсенді балалар, мазасыздық деңгейі жоғары, өзін-өзі төмен бағалайтын балалар жайлы ақпараттар, кеңестер берілді, ұсыныстар айтылды.

Гипербелсенді балалармен, тәртібінде қыындығы бар балалармен тәрбиешілермен бірлесе отырып, жеке жұмыстар, түзету жұмыстары жүргізілді. Ата- аналармен жеке кеңестендіру өткізіліп, ұсыныстар берілді. Гипербелсенді балалармен жұмыс түрлерін жүйелі түрде жалғастыру қажет.

Тәрбиешілердің оку қызметтеріне қатысып, баламен қарым-қатынасын, кәсіби шеберліктерін анықтауда әдістемелер қолданылып, нәтижесі таныстырылды.

Педагогтармен «Ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың таным үрдістерін дамыту» такырыбында тренинг өткізілді. Максаты: Педагогтардың кәсіби шеберліктерін, ой ұшқырларын шындау, логикалық ойлау, шыгармашылық қабілеттерін арттыру. Іс-тәжірибелерінде балалардың таным үрдістерін дамыту үшін қолданып жүрген ойын түрлеріне талдау жасау. Эмоционалды, психикалық көңіл-күйлерін көтеру.



Тәрбиешінің көмекшілерімен «Қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: Тәрбиешінің көмекшілеріне жағымды қарым-қатынас жасау жолдарын түсіндіру. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілетін жұмыс түрлерін насхаттау. Қызметке деген жауапкершіліктерін арттыру. Позитивті көңіл құй қалыптастыру.



1 наурыз Алғыс айту күніне орай ұжым мүшелерімен «Алғыс айту паразым» тақырыбында тренинг өткіздім. Мақсаты: Айналамыздағы



адамдарымызға алғысымызды айта отырып, сыпайы қарым-қатынаста болып, жақсы көңіл-құй сыйлау, күрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу, ұжымдық қарым – қатынасты нығайту, эмоционалды көңіл қүйлерін дамыту.

. Тренингке ұжым мүшелері қатысты. Тренингке қатысушылар тілек шамы арқылы бір біріне жақсы тілектер тілеп, алғыстарын білдірді. Алғыс қабырға газеттері дайындалып, алғыстар жазылып кіре беріс есіктерге ілінді.

Оқу жылышының соңында психолог бөлімінен Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті «Дефектология» бөлімінің студенті Советбекова Қырмызы Бауыржанқызы психологиялық-педагогикалық іс-тәжірибеден өтті. Қырмызы іс-тәжірибеден өту барысында ЕБҚ балалармен жеке жұмыстар жасап, өзінің теориялық білімін практикамен үштастыра білді.



Ата-аналармен жұмыс.

Жыл көлемінде ата-аналарға қашықтықтан: «Бала балабақшага алғаш келгенде», «Бейімделу кезеңі», «Баланыздың тілінің дамуына не кедергі келтіреді?», «Зжастағы дағдарыс». «Балаларға ұнайтын ойындар», «Мектепке куанышпен», «4-5 жастағы ерекшелік», «Жасқаншақ бала қайдан шығады?», «Күзде мектепке барамыз». т. б. ақпараттар берілді. Топ ата-аналар жиналыстарына қатысып, баяндамалар оқылып, бала тәрбиесіне қатысты кеңестер берілді. Жалпы ата-аналар жиналысында «Бала тілінің дамуы» тақырыбында баяндама жасалып, сауалнамалар алынды. (сауалнама көртындысы жалғасында)



ЕБҚ ата-аналарымен де жүйелі жұмыстар жүргізілді. Сауалнамалар толтырылып, жеке топтық кеңестер беріліп, тренингтер өткізілді. Атап айтқанда логопед маманмен бірігіп, бала тілінің дамуына қатысты «Бала тілі-бал» тақырыбында тренинг өтті. Мақсаты: Балабақша мен отбасы ынтымақтастырын арттыру, бала тілінің дамуына қатысты ата-аналармен ой бөлісу, пікір алмасу.

«Бала тілі-бал» ата-аналарға арналған тренинг

Максаты:
Балабақша мен отбасы ынтымақтастырын арттыру,
бала тілінің дамуына қатысты ата-аналармен ой бөлісу, пікір алмасу.

Тренинге шакыртумен 13 ата-ана және балабақша менгерушісі Кусайнова Алмагүл Шуренқызы қатысты.

Тренингті үйімдастырушылар:
педагог-психолог Сауле Бақытбекқызы
Логопед Индира Католлақызы
2021-2022 оқу жылы

Психология-логопедия апталығында, алғыс айту күнінде ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту, ұсыныс- пікірлерін білу мақсатында педагогтар бөлімдер бойынша қабырға газеттерін дайындағы (негізгі ғимарат I, II есік, қосымша ғимарат бөбекжай топтары үшін). Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, ой бөлісіп, балабақша ұжымына алғыс айттып, өз ризашылықтарын білдірді.



Суретте: балабақша тәрбиеленушілерінің ата-аналары

ЕБҚ балалардың ата-аналарымен логопед маманмен бірлесіп «Кім жылдам?» логопедиялық ойынға ата-аналар балаларымен бірге қатысты. Ата-аналарға ертегі терапиясы көрсетіліп, артикуляциялық жаттығулар, су-джок терапиясы жүргізілді.



Қарлығаш МД тобы ата-аналарынан сауалнамалар алынды, «Балаңыз мектепке дайын ба?» тесті алынды. Баланы мектепке дайындауға байланысты жеке, топтық кеңестер берілді. (жалғасында сауалнама қортындысы).

Биылғы оқу жылында балабақшадан «Қарлығаш» 5-6 жас МД тобынан -23 бала, «Ақкөңгершін» 4-5 жас ересектер тобынан -9 бала, «Бұлдіршін» 4-5 жас ерсектер тобынан -3 бала барлығы -35 бала мектепке жолдама алды. Мектепке кеткен әр балаға жеке мінездемелер берілді.

Жетістіктер: психолог бөлімі биылғы оқу жылында бірқатар жетістіктерге қол жеткізді. ЕБҚ бойынша білім жетілдіру семинарларға (онлайн) қатысып сертификаттармен марапатталды. Аудандық психологтардың конференциясында үздік жұмыс көрсеткені үшін, балаларды қорғау күніне орай аудандық мақтау қағаздарымен марапатталды. Дарынды, ЕБҚ балаларды психологиялық қолдау мақсатында республикалық конкурстарға (онлайн) қатыстырып, дипломдармен марапатталды. Атап айтқанда, дарынды балалар «Қарлығаш» тобынан

Сүлеймен Ерасыл, Бейсембина Еркемай, «Ақкөгершін» тобынан Дәuletова Еркеназ, «Бұлдіршін» тобынан Бейсембин Ерасыл, ЕБҚ балалар «Бұлдіршін» тобынан Сигметова Диана, Қайрбеков Садуакас, «Балдәурен» ортаңғы тобынан Жұмабеков Жантөре, Жәнібек Ақжарқын республикальық дипломдармен марапатталды. Аудандық конференцияға катысқаны үшін Ерлан Айзада, Жайлаухан Айсұлтан, Сигметова Диана, Кайрбеков Садуакас мекемешілік мадақтамамен марапатталды.



Кабинеттің материалдық базасы: биылғы оқу жылында басшылықтың қолдауымен кабинетке жаңадан стол алынды. Жеке балалармен жұмыс жасауга ойыншықтар, сурет салуға арналған құралдар алынды.



2021-2022 оқу жылына қортынды жасай келе, келесі жаңа оқу жылына атқарылатын жұмыстар:

1. Педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен диагностикалық жұмыстарды жандандыру;
2. ЕБҚ балаларды оқытуға педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында жұмыс түрлерін, жаңаша әдістерін жоспарлау;
3. ЕБҚ балалармен түзету-дамыту жұмыстарына инновациялық әдістерді зерттеу, колдану;
4. Гипербелсенді балалармен жұмыс түрлеріне терапия әдістерін жетілдіру.
5. Аудандық ПМПК мекемесімен байланысты нығайту, жылына 1 рет комиссия отырысын үйімдастыру;
6. Қын ата-аналармен жұмыс түрлерін жаңашаландыру.
7. Кабинетке ЕБҚ балалармен жұмыс жасайтын қажетті құралдарды толықтыру, тапсырыс беру;

Есеп беруші: педагог-психолог Шомбиноva С.Б